

Г.М. Каналина¹ , Г.Т. Тлеубердина^{1*} , Г.Т. Батыргалиева¹ , Т. Берикбол¹ 

¹Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті КеАҚ

Көкшетау қ., 020000, Қазақстан Республикасы

*e-mail: guldentleuberdina@inbox.ru

АҚЫНДАР АЙТЫСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕЛЕРДІ ШЕШУДЕГІ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ МЕН ӨНЕГЕЛІК МАҢЫЗЫ

Аңдатпа.

Айтыс – қазақ халқының көркем өнері. Айтыс арқылы қоғамның көрінісімен танысуға, сол дәуірдің келбетін жан-жақты тануға мүмкіндік бар. Себебі ақындар халықтың жанына батқан мұңы мен қуанышын ел алдында жырлайды.

Осы мақалада ақындар айтысының тәрбиелік-өнегелік мәні мен маңызы қарастырылады. Қоғамда орын алатын барлық жағдайлар, мәселелер ақындар айтыстарының тақырыптарына айналады. Айтыс ақындарына қойылар талап та зор. Олардың әлеуметтік мәселелерді уақытында байқап, көркем сөзбен әсерлі әрі ұтымды жеткізу өнері бағаланады. Ақынның аузынан шыққан әр сөзі тыңдаушысын тауып, халыққа жағады, ол ақынға тыңдаушы ықыласы ауады. Сонымен қоса, халық пен билік арасында алтын көпір орнатады, елдің мәселесіне көптің көңілін бұрғызады. Мақалада айтыстағы тәрбие мәселесі қалай көрініс тауып жатыр деген мақсат қойылған. Оның шешімін айтыскер ақындардың шығармаларынан тауып, мысалдармен келтірілді.

Ақындар тек биліктің мінін түзмей, бұқараның да қиыс кеткен тұстарын еске салып отырады. Осы тұста ұлттық болмысымыздан аулақ кеткен мінді жеткізу ретінде айтыстың маңызы ашылады. Тәуелсіз жылдардағы танымал айтыскер ақындарымыздың шығармаларынан үзінділер келтіре отырып, талданып беріледі. Бүгінде айтыстың тәрбиелік-өнегелік мәні мен маңызы жоғары екені салыстыра, талдана зерттеледі.

Негізгі сөздер: айтыс, айтыстағы тәрбие, жастар тәрбиесі, қазіргі айтыс, тәрбие мәселесі.

Кіріспе.

Айтыс – қазақ халқының атадан балаға мұра болып келе жатқан өнер түрі. Ақындардың айтыста көтеретін мәселелері де әртүрлі, айтыскерлердің айтысу стиль мен мақамы, интонациясы мен ұйқасы тағы басқа да стиль түрлері өзгеше. Бірақ айтар ойлары мен сөйлеген, көтерген мәселелері халық үні, халық сөзі. Қазақ халқы ежелден әр айтар ойын мақал-мәтелмен, фразеологизмдермен, көркемдеуіш құралдармен өрнектеп жеткізген.

Қадым замандардан қазақпен бірге жасасып, біте қайнасып, алтын арқауы үзілмей келе жатқан «төре өнеріміз», төл өнеріміз – айтыс. Елдің көкейіндегі сөзін көмейінен түйдек-түйдек ақтарылған сұлу сөзбен кестелеген ақындардың кеше де, бүгін де халық алдында бастары алтын, бағалары қымбат. Бүгінде айтыстың әлеуметтік мәні артып, зерттеушілер назарын көптеп аударып келеді. Себебі айтыс – ұлттық құндылығымыз деп бағаланған әрі халықтың әлеуметтік болмысын жан-жақты аша алатын төл өнеріміз. Зерттеу мақаланың мақсаты айтыста тәрбие мәселесі қаншалықты көрініс тауып келеді деген тақырыпты қамтиды. Әсіресе, қоғам дамыған сайын, тәрбиеге қатысты сын айтушылар көбейгені жасырын емес. Осы тақырып айтыста қалай баяндалған деген сауал төңірегінде қазіргі айтыс өнеріне зерттеу жасалды. Қазіргі айтыс, яғни тәуелсіздік жылдарындағы айтыс көптеген зерттеушілерді қызықтырып келеді. Мырзатай Жолдасбековтің редакциялық басқаруымен «Қазіргі айтыс» деген атпен үш кітап баспа бетін көрді. Ол кітаптарға ел тәуелсіздігін, ұлттық рухты жырға қосқан айтыстарды енгізген. «Тәуелсіздік таңы аясында өткізіліп келе жатқан ақындар айтысын теледидардан көріп, тамашалау халықтың рухани қажетін қанағаттандырғанмен, айтысты зерттеуге ынтасы ауған жастардың қажеті өтелмей келеді» [1]. Қазіргі таңда айтыс өнерін жинақ етіп шығарып, көпшілік оқырманмен қайта қауыштыруды қолға алушылар көбеюде. Себебі

айтыс қазақпен бірге жасасып келе жатқан аяулы өнер. Сол айтыстарда қандай мәселелер қолға алынды, ол мәселелер ақындар тілімен қалай өрнектелді деген мәселелер тағы бар. Сондай тақырыптың бірі – айтыстағы тәрбие-тағылым бейнесі.

Зерттеу материалдары мен әдістері.

Айтыс ұғымының қазақ санасындағы мәні – терең, орны – бөлек. Айтыс – қазақтың халық ауыз әдебиетінің әлеуметтік жүгі мол, кең өрісті үлкен бір саласы. Ол – суырыпсалма ақындық өнердің жемісі. Сөз жоқ, жазба әдебиет қалыптаса қоймаған көшпелі елде айтыстың эстетикалық әсері де ерекше. Мұның үстіне ол қолма-қол суырып салып айтатын тапқырлық, өткірлік мазмұнымен де дараланады. Осындай әлеуметтік мәні зор бір алуан айтыстарды сол кездегі ел өмірінің көркем шежіресі деуге де болар еді [2].

Айтыс ауыз әдебиетіндегі батырлық жырларымен тығыз байланысты. Бұл екеуінің көне көздерінің бір негізден, атап айтсақ, ертеден тұрмыс-салт өлеңдерінен бастау алатынын кезінде жазушы Мұхтар Әуезов атап айтқан. Алайда, бұл жанрлар дәуір талабына орай бірде бәсең тартып, енді бірде кең өріс алып дамып отырған. Айталық, айтыс жанрының XV-XVIII ғасырларда біршама толастағаны байқалады. Бұл кезде туған айтыстар ұмытылды ма, әлде заман талабына сай өзге түрлерге жол берілді ме, осы арасы әзірге беймәлім. Айтыстың, әсіресе, ерекше дамыған кезі XIX ғасырдың II жартысы. Бұған сол тұстағы әлеуметтік өмірдің дамуы басты себеп болды. Жамбыл мен Құлмамбет, Сүйінбай мен Қатағаннан мұра болып жалғасқан асыл өнер бүгінде қанатын кеңге жайды. Тың сипат алды. Ал зерттеушілер өз кезегінде сол айтыстарды сақтап, кейінгі ұрпаққа құнын жоғалтпай жеткізуді мақсат етеді.

Айтыстың тұрмыстағы орны мен табиғи ерекшеліктерін алғаш рет ашып әңгімелеу Шоқан Уәлиханов үлесіне тисе, кейінгі жылдары бұл жанр туралы М.Әуезов, С.Мұқанов, Е.Ысмайылов, Қ.Жұмалиев, М.Қаратаев, Ә.Тәжібаев, М.Ғабдуллин, Б.Кенжебаев, Р.Бердібаев, М.Дүйсенов, Н.Төреқұлов зерттеулер жазғанын атап айтқан жөн [2. – 279]. Әсіресе, профессор М.Жармұхамедұлы бұл салаға байланысты ұзақ жылдар іргелі зерттеулер жүргізіп, монографиялық еңбектер жазды. Ол айтыстың жанрлық сипатына байланысты бұрынғы-соңды зерттеулерді зерделей келіп, оны ішкі түрлерге жүйелейді. Қазіргі айтыс туралы келелі зерттеудің бірі ретінде М.Жолдасбековтің қолдауымен айтыстың үш томдығының жарық көруін атай аламыз. Бұл еңбек қазіргі айтыстың жинақталып, зерттеліп, зерделенуіне даңғыл жол ашты.

Зерттеуге арқау болып отырған айтыстар баспа жүзін әлі көрмеген, ғаламтор бетінде, әлеуметтік желілерде таралған айтыстар алынды. Яғни, көпшіліктің көңілінен шығып, халықтың арасында кең таралған қазіргі айтыстарда көтерілген тәрбиелік-өнегелік мәні мен маңызы қандай, қай тұсымен халыққа жақты деген талдау жасалды. Айтыстарға шолу жасалып, ондағы қоғамдық мәселелер, соның ішінде тәрбие-тағылым жайы қалай көрініс тапқанына назар салынды. Айтыс ақыны мен жазба ақынының айырмасы жер мен көктей. Әуелгісі табан асты төкпелеп айтатын суырыпсалмалыққа құрылса, кейінгісі көп ойланып, толғанып барып тәуір жырларын қағазға түсіреді. Аяқ асты суырып салған соң ылғи маржан сөздер мөлдектей төгіледі деп айта алмаймыз, арасында сөз қайталаулар, жеңіл ұйқастар ұшырасады. Мұнда ең бастысы – халықтың мұңын мұңдап, жоғын жоқтау. Айтысты «дала парламенті» деуі содан. Халық пен биліктің арасындағы алтын көпір. Бірақ айтыскерге қойылар талап жоғары. Ақындық өнерімен қоса, жан-жақтылық, тапқырлық, шешендік қасиеттері бойынан табылуы керек. Елдің айтпағын емеурінінен танып, жоғары жаққа жеткізеді. Тыңдаушы – жай қызықтаушы ғана емес, ол әрі сыншы, әрі жебеуші. Тауып айтқан орынды сөздер мен тамаша теңеулерге дүрліге қол соғып, шабыт қосады. Бұл туралы Р.Бердібаев «Замана сазы» деген зерттеуінде былай дейді: «...Қалың елдің көз алдында жекелік те, қоғамдық та мәселенің неше алуанын батыл да, айқын көтере алатын мүмкіндік тек айтыста ғана бар».

Мақаланы жазу барысында келесідей зерттеу әдістері: контекстік-түсіндірмелі, салыстырмалы, жалпылау, сипаттау, салыстыру қолданылды.

Нәтижелер және оларды талқылау.

Айтыстың әлеуметтік алуан мәселені дер кезінде халық алдында «жұп-жұмыр, тегіс сөзбен» жеткізіп бере алатын күдіретін еш нәрсемен салыстыруға болмайды. Көңілдегі түйткілдер ақын аузынан ақтарылып жатқанда рахат сезімге бөленеміз. Міне, сондықтан да халық ақындарын қадірлеген, шешендерін аялаған.

Айтыста әріптестердің жынысына, жасына, мамандығына шек қойылмайды. Айтыс кезінде сын алушының атақ-мансабы, дәрежесі есепке алынбайды. Демек, айтыс – қазақ демократиялығының көрінісі. Айтыстың тақырыбы сан алуан. Өлеңмен бір ұлттың, үлкен бір мемлекеттің болмысын танытатын осындай мүмкіндіктің тек қазақтың мандайына жазылғаны айтыстың ұлттық ерекшелігін көрсетеді. Тыңдаушы – жай қызықтаушы ғана емес, ол әрі сыншы, әрі жебеуші. Тауып айтқан орынды сөздер мен тамаша теңеулерге дүрліге қол соғып отырған қауым ақынға қанат бітіріп, шабытына шабыт қосады.

Айтыстарда ақындар осы уақытқа дейін көтерілген жер мәселесі, тіл тағдыры, оқу-ағарту саласы жайы, саяси-әлеуметтік әлеует, ауыл мәселесі, тәрбие-тағылым сияқты толып жатқан күрмеуі қиын күрделі мәселелерді билік назарына дер кезінде ұсынып отырды. Бұл жанайқайлар қоғамда пікір қалыптастырып, тиісті орындарға жеткізілгенін ешкім де жоққа шығара алмас. Бұған мысал, Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданында өткен бір айтыста «Семей мен Абай ауданын жалғастырған жолды жөндеу «Абай жолын» жазғаннан да қиын болды» деген сын айтылады. Айтысқа қатысып отырған өңір басшысы Бердібек Сапарбаев сөз алып, бұл сынның өте орынды екенін айтып, тез арада қолға алуға уәде береді. Көп ұзатпай бұл уәдесін орындап, жол жөнделеді [3].

Мұндай мысалдар санай берсеңіз көп-ақ. Белгілі ауыл және көше аттарының қазақша атауға ие болуы, «Вечерняя Алматы» газетінің қазақша нұсқасы болып «Алматы ақшамы» газетінің жарық көруі де осы тізімді толтырады.

Ел тағдыры дегенде тіл тағдырын айтпай кетуге болмас. Ақындарымыз оны да жеріне жеткізе әр айтыс сайын көтеруде.

Мемлекеттік жиынның бәрі орысша,
Қазақша ымдап қояды ырым қып,
Тілінен қарға шоқып тастағандай,
Шенеуніктер сөйлесе түңілдірер.
Біздерге полиглоттан пайда бар ма,
Қазақ емес, басқа ұлттың тілін білер.
Менсінбей мемлекеттік тілімізді,
Солар ғой мүгедек қып сүріндірер.
Қазақша тек қағазға қарап сөйлеп,
Билікте міңгірлеп жүр білімділер [4].

Осындай жырлардан соң парламентте де ана тіліне деген құрмет байқалып, сең қозғалғандай жақсы бір бетбұрыстар орын алды. Бүгіндегі жиылыстардың дені қазақ тілінде өтуіне ақындардың қосқан үлесі үлкен.

Ақындар тек биліктің мінін түземей, бұқараның да қиыс кеткен тұстарын еске салып отырады. Қалың көпке сын айту үшін де ақынның асқан ақылмандығы маңызды. Мәселен, «Жүзге бөлінгендердің жүзі күймей, Троиблизм ауруы дүрілдеп тұр. Қазақ деген бір ұлтты біріктіру, Жүз ұлтты басқарудан қиын боп тұр» [5] деген ақын сөзі қоғамдағы ең бір өршіген дерт – рушылдықты әшкерелеп, елді алтыбақан алауыздықтан жирентеді.

Тарихқа көз жүгіртіп қарар болсақ, бұл қазақтың біріккен күні де, бөлінген күні де болған. Бөлінгені – Ақтабан шұбырынды болса, біріккені – Ордабасы. «Ру» деп дырдуға

түсіп, «жүз» деп жікке бөлінудің қаншалықты қасіретті екенін осыдан-ақ аңғаруға болады. Ежелден ханның ақылшысы, халықтың жоқшысы болған ақындар бірлікте бекем болуды, бір болуды көксеген. Бүгінгі ақындар да алдыңғы буынның заңды ізбасарлары. «Қарға екеш қарғалардың ынтымағы, Бұл қазаққа нәсіп болса арман бар ма?» [6] деген Мұхамеджан Тазабектің айтыста айтқаны халық арасында кеңінен тарап, жатқа айтылатын болды.

Осы заманғы ақындар айтысы мазмұн, түр жағынан да өзгерді. Тәуелсіздік алған жылдардан бастап, айтыстың ежелгі дәстүріне құрмет көрсетіліп, айтыскерлердің еркін ой толғап, кең көсіле құлаштауына жол ашылды. Еркін ойлайтын, батыл айтатын, бетінен ешкім қаппаған кең тынысты жас буын ақындар келді. Олар қоғамдық, әлеуметтік саладағы көлеңкелік тұстарды дөп басып дәл танып, жетер жеріне жеткізіп айтуға тырысты. Жеткізіп айтты да. Ақындарға бұл тұста айтар тақырыпты да дәуір өзі даярлап берді.

Халықтың рухани өміріндегі ауытқулар мен серпілістер де айтыскерлердің назарынан қалмайтын негізгі тақырыптардың бірі. Мұхамеджан Тазабековтің Бекарыс Шойбековпен айтысында: «Мәсінің қонышындай тар заманда, Кебежедей көңілін кең сақтаған», – деген еді. Бұл жерде Мұхамеджан өтпелі дәуірдің қиыншылығын көріп, экономикалық қыспақта отырса да, халықтың рухани байлықтан айрылмаған дегдар тектілігін айнытпай өте әсерлі жеткізген.

Айтыс қоғамдық дерттерді жұртшылық талқысына салатын, шешілмеген мәселелерге елдің назарын аударатын, өткір де ұтқыр публицистиканың да орнына жүрген. Айтыста жеңген мен жеңілгеннің төрелігін жиналған жұртшылық, алқалаған әлеумет шешуінің өзі – дүние жүзі мәдениетінің тарихында сирек кездесетін құбылыс.

Жастар тәрбиесі – әр уақытта өзекті мәселе. «Қыздарын қырық үйден тыйған кеше, Қазағымның бастарынан бақ ұшып жүр. Қыздарға қысқа форма кигізетін, Мектептің саясаты ауысып жүр... Қысқа юбка киетін сылқымдардың, Балалық дәуірі де қысқа болар. Көйлегінің етегі қандай болса, Ақылы да дәл сондай тұста болар» [7] деген жыр жолдары арқылы ақын өзін тыңдап отырған мыңдаған тыңдарманға үлкен ой салады. Кешегі зерделі Зере мен ұлағатты Ұлжандай аналарымыз айтар ақылды ақындар айтып отыр. Бұл да сөз ұстап, көптің алдына шыққан салмақты сезінгендіктен, «Ел болам десең бесігіңді түзе» деген Мұхтар Әуезов тәмсілімен ұлттың ертеңіне алаңдағандықтан айтылған жырлар.

Қыздың арын қорғап, намысын биік қойған жұрттың басынан бағы таймайды.

Әйтсе де, әр таяқтың екі ұшы болатыны сияқты бүгінгі айтыстың да ауыз толтырып айтар жетістігі мен көңілге кірбің ұялатар кемшілігі қатар түсіп жататынын айтпай кетуге болмас. Ол «түнгі айтыс» деген дақпыртпен тез тарап, тез жайылатын, көпшілікті қыран-топан күлкіге қарық қылатын «Қыз бен жігіт айтысы». Кейде күлдіреміз деп бүлдіріп, арда өнердің аты мен затына кір келтіретін тұстары болып қалатыны қынжылтатыны рас. Сондықтан қыз-жігіт айтысы тек арзан әзілге құралмай, арасында астарлы ақиқат та айтылса деген тілек бар.

Тағы бір айтыста бұрынғы ақындардың бойында кездесетін иба, үлкенге құрмет көрсету әдебі шетте қалып, анасындай кісімен айтысуға шыққан жеткіншектің: «Сөйле деп беріп отыр төрді бізге, Сағынып қалыппыз-ау елді біз де. Айтыста еркектердің бәрін қырып, Ауыз салып отсың ба енді бізге» [8] деуі тым-ақ ерсі. Осындай бірлі-жарым кем-кетістіктер жөнге келсе, айтыс, шын мәнінде, дала демократиясын қалыптастыратын асыл өнер. Көбіне ақындар «Көрерменге осындай арзан әзілдер өтімді болады» деген сылтауды көлденең тартып жатады. Әйтсе де, өнерпаз көрерменнің талабына жығылмай, керісінше, қарапайым жұртқа кісілікті сөз айтып, жөн сілтеп, жол көрсетіп, өз биігіне көтеру қажет екенін айтқымыз келеді. Оларға сөзімен де, ісімен де үлгі болса дейміз.

Қазақ ежелден дархан даладасындай пейілі кең, жаны жомарт, кішісі үлкенін, шәкірті ұстазын сыйлаған тамаша халық. Ол сипатынан бүгінгідей нарық заманында да қол үзген жоқ. Оның жарқын үлгісін бізге ақындар көрсетті. 2022 жылғы «Алтын домбыра» айтысында бас жүлдені қанжығасына байлап тұрған ақын жүлдесін 30 жыл айтысып келе

жатқан классик ақын, әрі жерлесі, әрі ұстазына берді. Ағасына сыйлап тұрып, халыққа қарата:

Бірақ бүгін жолымды өзім бердім,
Өз ағама қалайша қылам айла.
Бұл алтынды алған жоқ нар Жамбыл да,
Бұл алтынды көрген жоқ ұлы Абай да.
Бір елдің балалары таласпайды,

Тұратын алтын үшін мұражайда [9], - деген жыр жолдарын арнады. «Бүгінгі ақындардың барлығы жүлде үшін сөз сайыстырады» деген пікірлер қарша борап тұрғанда, соның барлығының әдемі нүктесін қойған керемет үлгілі көрініс болды.

Бауыржан Момышұлының «Ұшқан ұясында» Қабылбек және Текебайдың болыстыққа таласып тіресіп қалған сәтін суреттейтін эпизод бар. Сонда Текебайдың ұлы Серкебай ақиланып ашуға мініп, Қабылбекке барыпты. Жерден алып, жерге салып, аузына келгенін айтса да Қабылбек үндемеді. «Мұныңыз қалай?» деген жақтастарына «Әлі опық жейтін сол Серкебайдың өзі болады» деген екен. Баласының қылығын естіп қатты наразы болған Текебай ат-шапан айыбын дайындап, жиын жиып, Қабылбек жаққа жол тартыпты. Бұл келісті суыт жүріс деп ойлаған Қабылбек те өз жақтастарымен алдынан қарсы шығыпты. Сонда Текебай сонадайдан аттан түсіп, Қабылбектің қасына келіп:

- Менің күшігім саған қарап әуілдесе керек, Қабылбек! Айыбын көтергелі келдім. Кешіремісің, сірә! - депті. Мына сөзден Қабылбектің қабырғасы сөгіліп, қалбалақтап атынан аунап түсіп:

- О, текті би Текебай! Аға болсаң да сені мен аттан түспей тыңдаппын-ау. Сен кешіремісің мені? Сенің балаңның айыбынан менің айыбым асып кетті білем, - деп үстіндегі зерлі шапанын Текебайға жауыпты. Жан-жағына қарап: – Уа, ағайын! Сайлауда Текебайға дауыс беріңдер! – деген екен. Дүниеден Текебай би де, Қабылбек болыс та өтті. Ал олардың аттандаулы аламан-тасыр өміріндегі сәулелі сәт – сол әлгі екеуі де аттан түсіп бір-бірінен кешірім сұраған кез ел жадында қалып қойды» деп жазады жазушы [10].

Сол айтқандай, «Алтын домбыра» айтысындағы айтылған шумақтар, көтерілген мәселелер ұмытылып кетер, бірақ ағаның ініге жол берген сол сәулелі сәті көптің есінде қалды. Дархандық пен кеңдік, жомарттық пен мәрттікпен өрілген қазақы қалыптың өрнегін көрсеткен әдемі үлгіден алар тәлім мен тағылым мол.

Қорытынды.

Әрбір айтыс сахнасына шыққан жанның өлең өріп, сөзді сұлу саптап, оны табан астында суырып салатын қабілеті бар. Әйтсе де үлкен аламан алдында тұлпарды баптағандай өздерін ширатып, сөздерін жұмырлап-жұптап, жан-жақты ізденіп шығады. Екі-үш ауыз өлеңдерін ұйқастырып құрайды. Түгел айтысты жаттанды қылды деуден аулақпыз, әйтсе де, арасында осындай алдын-ала дайындаған ұйқастарын пайдаланары хақ. «Жетектеген тазы түлкі алмас» дегендей, екі ауыз сөздің басын құрай алмаса, жаттанды жырмен ұзаққа бармайды. Мұхтар Әуезовтей заңғар жазушымыз айтпақшы, «Айтыс – сөз барымтасы». Онда аяқ асты қойылатын сұрақ-жауаптар болады. Мәселен, 2023 жылғы «Алтын домбыра» айтысында ақынның:

Былтыр қыста жарылып қазандығы,
Естіп ек Екібастұздың сорлағанын.
Жылуы жоқ қалаға жылу жинап,
Қараша ел беріп еді-ау қолда барын.
Биылғы қысқа қалай, дайынсың ба?

Басты ма шаруаларың оңға адым, - деген Еркебұлан Қайназаров сұрағына қарсыласы Аспанбек Шұғатаев іркілместен, әдеттегі амандасудан бұрын жауап берді:

Сұрасаң кешегі мен бүгінгі,
Бізде әлі біткен жоқ құбыр мұңы.
Алты ай қысқа жатырмыз дайындалып,
Жеті миллиардтан асты шығын құны [11].

Міне, нағыз импровизация осындай болса керек-ті. Осы ақындардың сөз сайысын, жыр жарысын көре отырып, «Дәл қазіргі уақыт – айтыстың алтын ғасыры» деген пікір туындайды.

Сөз алааманында екі ақын бір-бірін састыру үшін, тығырыққа тіреу үшін түрлі мәселелерді көтеріп, сұрақтар қояды. Оған ұтымды жауап беруге тек сөзге шешен ділмарлық аздық етеді. Мұндай жауаптасулар ақындардан білгірлікті, тапқырлықты, ел мен жер жағдайына жетік болуды, шежіре-тарихты шиырлап тарата білуді, көптің көкейінде жүрген ойын дөп басуды талап етеді.

Ақындар айтысы – өнер жаршысы, сонымен бірге идеологиялық тәрбиенің өткір құралы. Әдетте шындық айтыста туады дейміз, жетістігіміз қандай, кем-кетігіміз қандай – солардың бәрі айтыс өнерінің назарынан тыс қалмайды. Алқа топта ақын аузымен айтылған ащы шындықтардың салмағы да оңай болмаса керек [12].

Айтыс – қазақ мәдениетіндегі қоғамдық-әлеуметтік қайшылықтарды танытудың, дау-жанжалдарды шешудің мәдени түрі. Ал ертеректе айтыс ақынын делдал ретінде әрекет ететін және тараптар арасындағы дауларды шешетін арнайы тағайындалған адам деп есептеген.

Алайда, дау-жанжалдарды шешудегі рөлінен басқа, айтыс тәрбиелік функцияны да орындайды. Айтыс барысында қатысушылар бір-біріне құрмет көрсетуі, диалогқа дайын болуы және ортақ мүдделер негізінде шешім қабылдауы тиіс. Бұл айтыстың дауды шешіп қана қоймай, қатысушылардың маңызды дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Біріншіден, айтыс адамдарды бір-бірін тыңдауға және қарсыластың пікірін құрметтеуге үйретеді. Бұл сәтті қарым-қатынас жасау және өмірдегі мәселелерді шешу үшін маңызды дағдылар.

Екіншіден, айтыс қатысушыларға бір-бірін тыңдай білудің маңыздылығын түсінуге көмектеседі. Дау-жанжалды шешу барысында айтыс ақындары әртүрлі шешімдерді ұсынады және тыңдармандар қос тараптың мүддесін ескере отырып, тиімді ортақ шешім іздеуге машықтанады.

Сондай-ақ, айтыс эмоционалды интеллект дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Айтыскерлер өзара түсіністік пен әділ шешімге қол жеткізу үшін эмоцияларын бақылап, оларды сындарлы түрде білдіруге дағдыланады.

Соңында, айтыс тыңдармандарды өз іс-әрекеттері үшін жауапкершілікті қабылдауға үйретеді. Белгілі бір мәселені талқылап, оның оң шешімдерін көрсету барысында тыңдаушылар іштей бағалап отырады. Яғни, көпшілік қос ақынның сөз саптауын ғана емес, олардың жеткізу мәнерін, тақырыпты ашу шеберлігін бағалауға талпынады. Бұл арқылы айтыс әр адамның ой интеллектісін ғана емес, гуманизмін де дамытады.

Осылайша, айтыстың тәрбиелік рөлі қатысушылардың бойында сыйластық, толеранттылық, жауапкершілік сияқты құндылықтарды қалыптастыруға себепші болады. Айтыс адамдарға қарым-қатынас дағдыларын дамытуға, проблемаларды шешуге және сындарлы шешімдер қабылдауға көмектеседі, бұл қоғамда үйлесімді қарым-қатынас орнатудың маңызды факторы болып табылады.

Ол бүгінгі өмір талаптарына сәйкес түр-мазмұны жағынан елеулі өзгерістерге ұшыраса да, өзінің әлеуметтік, саяси-қоғамдық, эстетикалық мәнінен қол үзген жоқ. Әлі күнге дейін өзінің бұқаралық сипаттарымен халқымызға қызмет етіп, оның рухани талап-тілектеріне толығымен жауап беріп келеді. Айтыс – ағынан жарылып сұхбаттасудың, қоғамдық пікір алысудың құралы. Айтыста құрған ділмарлық мақсатқа жеткізбейді, уәж, уәкіл, логика, шындық қастерленеді. Осы ерекшеліктер айтыстың өміршең өз мәнін жоймас

кастерлі өнер екенін ашып дәлелдеп қана қоймай, оның халқымызбен болашақта да бірге жасап, оған қызмет ете беретініне ешбір күмән туғызбайды.

Әр ақын өз заманының өткір де өзекті мәселелерін тап басып, келе жатқан қауіп-қатерін, сөзінің салдарын, жауапкершілігін сезінуі қажет. Тәуелсіздік алғалы өткен айтыстың бір де бірінде халықтың мұң-мұқтажы айтылмай қалмады. Ақындар шама-шарқынша жырлап келеді, айтып келеді. Әрине, әр ақын өз жеткен жеріне қарай кейде тереңнен толғайды, кейде бетін ғана сыдырта шығады. Енді ол мәселелердің шешуін тауып, таппағаны ақындардың билігіндегі нәрсе емес. Олардың басты міндеті – назар аударту, жанайқайды жеткізу, қоғамдық пікір туғызу.

Айтыс өнері – қоғамдық сұраныстың нәтижесі. Ал бүгінгі айтыс өнеріміз болса қазіргі жаңарып, жаңғыру үстіндегі өмірімізге рухани қызмет көрсете алатын икемді өнер екенін дәлелдеді. Соңғы он бес жыл ішінде өткізілген алуан-алуан айтыстар үрдісі – осының айғағы. Айтыстың «тоттанбай» бізге жетудегі көп сырларының бірі халқымыздың ақынды ерекше қадірлеп, оған құрмет көрсете білгендігінде болса керек.

Ең бастысы, айтыс – тағылымды тәрбие мектебі. Айтыс өзіне ертеден тиесілі, басты жүгін бүгін де арқалап келеді. Яғни қоғамда болып жатқан әлеуметтік, тұрмыстық мәселелерді сахнада көркем бейнелеп, көптің көңілін аударып келеді. Соның бірі тәрбие мәселесі де сөз болып, дер кезінде саналы тыңдаушысына жетіп жатқаны бар. Себебі талданған айтыстар көпшіліктің іріктеуінен өтіп, халық бағасын алған айтыстар. Айтыстың тәрбиелік-өнегелік мәні мен маңызының зор екеніне көз жеткізе отырып, осы үрдістің жалғасын табатынына сеніммен қараймыз.

Қаржыландыру туралы ақпарат.

Мақала 2023-2025 жылдарға арналған АР19574645 «Қазіргі қазақ айтысының типологиясы мен поэтикасы» атты ҚР ҒЖБМ гранттық қаржыландыруымен жүзеге асырып жатқан жоба аясында жазылған.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- 1 Нұрахметұлы И., Дүйсенғазин С. Қазіргі айтыс. 1-кітап. — Астана: «Күлтегін» баспасы. — 2018. — 312 б.
- 2 Алманов Ә. Қазақ халық әдебиеті: көп томдық. — Алматы: Жазушы. Т.ІІ: Айтыстар. — 2018. — 352 б.
- 3 Әлімақын Д. Айтыс – қоғамдық ойды қозғаушы күш. Егемен Қазақстан. — №12. — 2022. — 36.
- 4 Бұлғақов Ж. Айтысынан үзінді. [Электрондық ресурс] — URL: <https://youtu.be/A79NLI7oGkM?si=ZhJ3yFQHm2eoDaGp> (қаралу уақыты: 10.01.2024)
- 5 Айбек Қалиев айтысынан үзінді. [Электрондық ресурс] — URL: <https://youtu.be/ELedz2nboIU?si=KebIO6YwynyM4U5X> (қаралу уақыты: 10.01.2024)
- 6 Мұхаметжан Тазабек айтысынан үзінді. [Электрондық ресурс] — URL: https://m.vk.com/wall235948813_10971 (қаралу уақыты: 10.01.2024)
- 7 Қамиев Д. Айтысынан үзінді. [Электрондық ресурс] — URL: https://youtu.be/tSdOPb977LE?si=4xTUnBXYQe8f6_MK (қаралу уақыты: 10.01.2024)
- 8 Бұлғақов Ж. Айтысынан үзінді. [Электрондық ресурс] — URL: <https://youtu.be/eMJWnexfxxc?si=0wWCcPN8RO6hfB9b> (қаралу уақыты: 10.01.2024)
- 9 Еркебұлан Қайназаровтың марапат алу сәтінен үзінді. [Электрондық ресурс] — URL: <https://youtu.be/TSwbUtyH4nc?si=reTsqncgO1aQ44Oa> (қаралу уақыты: 10.01.2024)
- 10 Момышұлы Б. Ұшқан ұя. Көптомдық таңдамалы шығармалар жинағы. 1-том. — Алматы: «Өнер». — 2018. — 248 б.
- 11 Қайназаров Е., Шұғатаев А. Айтысынан үзінді. [Электрондық ресурс] — URL: https://youtu.be/NjAtE29KiR0?si=DD3_tHuZ_VXKWj1y (қаралу уақыты: 10.01.2024)
- 12 Досанова К. Айтыс – өміршең жанр. ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. — № 4(134). — 2018. — 22 б.

ВОСПИТАТЕЛЬНЫЙ И ПРАВСТВЕННЫЙ СМЫСЛ АЙТЫСА АКЫНОВ В РЕШЕНИИ СОЦИАЛЬНЫХ ПРОБЛЕМ

Аннотация.

Айтыс – художественное искусство казахского народа. Айтыс дает возможность познакомиться с обликом общества, всесторонне узнать облик той эпохи. Это потому, что поэты воспевают печали и радости людей перед страной.

В этой статье поднималось влияние айтыса поэтов на воспитательную проблему. Все, что происходит в обществе, становится предметом спора устами поэтов. К поэтам айтыса предъявляются большие требования. Ценится их умение вовремя замечать социальные проблемы и выразительно и рационально выражать их художественным словом. Каждое слово из уст поэта находит своего слушателя и зажигает его к народу, что придает поэту благосклонность слушателя. Кроме того, он устанавливает Золотой мост между народом и властью, обращает внимание на проблемы страны. В статье поставлена цель, как проявляется проблема воспитания в айтысе. Его решение айтыс находит в произведениях поэтов и приводит на примерах.

Поэты не только исправляют власть, но и напоминают о пересечениях масс. Здесь раскрывается важность айтыса как передачи долга, который ускользнул от нашей национальной идентичности. Анализируется с цитированием отрывков из произведений известных поэтов-акынов независимых лет. Сегодня изучается, что айтыс имеет большое воспитательное значение.

Ключевые слова: айтыс, воспитание в айтысе, воспитание молодежи, современный айтыс, проблема воспитания.

EDUCATIONAL AND MORAL MEANING OF AITYS AKYNS IN SOLVING SOCIAL PROBLEMS

Abstract.

Aitys is the artistic art of the Kazakh people. Aitys provides an opportunity to get acquainted with the appearance of society, to comprehensively recognize the appearance of that era. So the poets sing of the sorrows and joys of the people before the country.

The impact of aitys between poets on issues in upbringing was elevated in this article. All current circumstances present in society align with the topics expressed by poets through their eloquent expressions. Demanding requirements from poets is quite formidable. They are evaluated according to their possibilities to find social issues in a timely manner and expressing them with impactful and constructive ideas in eloquent words. Poems that are spontaneously sung by poets during aitys may elicit favor from the audience. Additionally, they forge a profound connection between the people and government, in this way they make government pay attention to social problems among people. The purpose of the article is to address the issue of upbringing in aitys. Its solution is illustrated through examples drawn from the achievements of prominent educators.

Works of our esteemed poets from the years of Independence are brought forth, clarified, and presented thoughtfully. Currently, the pedagogical significance of aitys is being critically examined and appraised.

Key words: aitys, upbringing in aitys, upbringing of youth, modern aitys, the problem of upbringing.

REFERENCES

- 1 Nūrahmetūly Ī, Dūisengāzin S. Qazaırgı aitys [*Modern aitys*]. 1-kıtap. Astana: «Kūltegin» baspasy. 2018. 312 p. [In Kazakh]
- 2 Almanov Ä. Qazaq halyq ädebietı: köp tomдық [*Kazakh folk literature: multi-volume*]. Almaty: Jazuşy. 2018. T.II: Aitystar. 352 p. [In Kazakh]
- 3 Älımaqyn D. Aitys – qoğamдық oıdy qozğauşy küş [*Aitys is a force that drives public thought*]. Egemen Qazaqstan. №12. 2022. 3 p. [In Kazakh]
- 4 Būlğaqov J. Aitysynan üzındı [*Excerpt from his speech*]. Available at: — URL: <https://youtu.be/A79NLI7oGkM?si=ZhJ3yFQHm2eoDaGp> [In Kazakh]. (accessed: 10.01.2024)
- 5 Aibek Qaliev aitysynan üzındı [*Excerpt from his speech*]. Available at: — URL: <https://youtu.be/ELedz2nboIU?si=KebIO6YwynyM4U5X> [In Kazakh]. (accessed: 10.01.2024)
- 6 Mūhametjan Tazabek aitysynan üzındı [*Excerpt from his speech*]. Available at: — URL: https://m.vk.com/wall235948813_10971 [In Kazakh]. (accessed: 10.01.2024)
- 7 Didar Qamiev aitysynan üzındı [*Excerpt from his speech*]. Available at: — URL: https://youtu.be/tSdOPb977LE?si=4xTUNBXYQe8f6_MK [In Kazakh]. (accessed: 10.01.2024)
- 8 Jandarbek Būlğaqov aitysynan üzındı [*Excerpt from his speech*]. Available at: — URL: <https://youtu.be/eMJWnxfxc?si=0wWCcPN8RO6hfb9b> [In Kazakh]. (accessed: 10.01.2024)

9 Erkebūlan Qainazarovtyñ marapat alu sätinen üzındı [Excerpt from his speech]. Available at: — URL: <https://youtu.be/TSwbUtyH4nc?si=reTsqncgO1aQ44Oa> [In Kazakh]. (accessed: 10.01.2024)

10 Momışūly B. Ūşqan ūia [Flying nest]. Köptomdyq tañdamaly şyğarmalar jınaғы. 1-tom. Almaty: «Öner». 2018. 248 p. [In Kazakh]

11 Erkebūlan Qainazarov pen Aspanbek Şūğataev aitysınan üzındı [Excerpt from his speech]. Available at: — URL: https://youtu.be/NjAtE29KiR0?si=DD3_tHuZ_VXKWj1y [In Kazakh]. (accessed: 10.01.2024)

12 Dosanova K. Aitys – omirshen janr [Aytys is a viable yanr]. QazUU habarshysy. Filologiya seriyasy. № 4(134). 2018. 22 p. [In Kazakh]

Information about authors:

Gaukhar Kanalina – teacher of the Kazakh language and literature of the KSU “Bolshe-Churakov General Education School” of the Department of education of Altynsarinsky district, Kostanay, Republic of Kazakhstan

E-mail: gaukan26@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0009-0006-7404-9490>

Gulden Tleuberdina – **corresponding author**, candidate of philological sciences, Department of “Kazakh language and literature” associate professor, Kokshetau University named after Sh.Ualikhanov, Kokshetau, Republic of Kazakhstan

E-mail: guldentleuberdina@inbox.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-0574-643X>

Gulim Batyrgaliev – master of pedagogy, teacher of Shortandy Kazakh secondary school №3, Shortandinsky district, Akmola region, Republic of Kazakhstan

E-mail: gbatyrgaliyeva@gmail.com

ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-6674-5907>

Taslima Berikbol – master of pedagogical sciences, assistant lecturer, Kokshetau University named after Sh.Ualikhanov, Kokshetau, Republic of Kazakhstan

E-mail: Berikbol_taslima@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-0203-1503>

Информация об авторах:

Гаухар Каналина – учитель казахского языка и литературы КГУ «Больше-Чураковская общеобразовательная школа» отдела образования Алтынсаринского района, Костанайская область, Республика Казахстан

E-mail: gaukan26@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0009-0006-7404-9490>

Гүлден Тлеубердина – **основной автор**, кандидат филологических наук, кафедры «Казахский язык и литература» ассоциированный профессор, Кокшетауский университет имени Ш.Уалиханова, г. Кокшетау, Республика Казахстан

E-mail: guldentleuberdina@inbox.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-0574-643X>

Гүлим Батыргалиева – магистр педагогики, учитель Шортандинской казахской средней школы №3, Шортандинский район, Акмолинская область, Республика Казахстан

E-mail: gbatyrgaliyeva@gmail.com

ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-6674-5907>

Таслима Берикбол – магистр педагогических наук, ассистент лектора, Кокшетауский университет имени Ш.Уалиханова, г. Кокшетау, Республика Казахстан

E-mail: Berikbol_taslima@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-0203-1503>

Авторлар туралы ақпарат:

Гаухар Каналина – Алтынсарин ауданы білім бөлімінің «Больше-Чураков жалпы білім беретін мектебі» КММ-сінің қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі, Қостанай қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: gaukan26@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0009-0006-7404-9490>

Гүлден Тлеубердина – **негізгі автор**, филология ғылымдарының кандидаты, «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасының қауымдастырылған профессор, Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: guldentleuberdina@inbox.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-0574-643X>

Гүлім Батыргалиева – педагогика магистрі, №3 Шортанды қазақ орта мектебінің мұғалімі, Шортанды ауданы, Ақмола облысы, Қазақстан Республикасы

E-mail: gbatyrgaliyeva@gmail.com

ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-6674-5907>

Таслима Берикбол — педагогика ғылымдарының магистрі, лектор ассистенті, Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: Berikbol_taslima@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-0203-1503>